

**Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебінде  
Мектеп формасының сақталуы, мектептің ішкі тәртіп ережесінін орындалуы туралы  
анықтама**

1. Мектеп сабактары мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.
2. Сабак ұзактығы 45 минут.
3. Қонырау ұзақтығы санитарлық нормага сәйкес мектеп директоры бұйрығымен анықталады.
4. Қонырау бойынша оқушылар сабакқа кіріп, дайындалады.
5. Мектепте сабактар 8 сағат 00 минуттан басталады.
6. Қонырау кестесі жасалады

**Мектептегі оқушылардың сабактарға қатысуы және сыртқы келбетке қойылған талаптар**

1. Оқушы жолдан абылап өтіп, жол жүру ережелерін ұстануы қажет.
2. Қоғамдық көліктегі оқушы тәртіп ережелерін және тиісінше қауіпсіздік шарасын сақтауы қажет.
3. Санитарлық талаптарды сақтау, мектепке бетпердемен (маска) келу.
4. Оқушы мектепке сабак басталуына 15-20 минут калғанда келіп, таза әрі ұқыпты киінуі тиіс.
5. Сыртқы киімнің қалталарында ақша, кілттер басқа да құнды заттардың болуына тыйым салынған.
6. Ұялы телефонды сабак үстінде қолдануға тыйым салынады.
7. Оқушы мектептегі ұқыпты және шамданбаган шаш ұлғасын ұстанып, өзімен маскасы, таза қол орамалы мен тарап болуы қажет.
8. Оқушы жеке гигиенаны сақтауы қажет. Оқушы сырт келбеті жайында кезекші мұғалім немесе әкімшілік мүшесі бағалап, нагыз ережелерге сәйкес талаптар кояды.
9. Сабактан қалып қойған оқушыларды кезекші әкімшілік мүшесі немесе мұғалім тіркеу, күнделікке қалып қойғаны жайында жазады. Қалып қойған оқушылар тек кезекші әкімшінің рұқсатымен гана сабакқа кіре алады.
10. Жүйелі түрде сабактан қалатын оқушылар мектеп әкімшілігіне түсіндіру үшін шакырылады.
11. Оқушыларды сабактан жіберу мұғалімнің келісімімен мектеп директоры немесе кезекші мұғалімнің бұйрығымен жүзеге асырылады.
12. Оқушылардың оку кезінде мектептегі шығуы тек сынып жетекшінің немесе кезекші әкімшінің жазба рұқсатымен жүзеге асырылады.
13. Ботен тұлғалардың мектептегі болуы тек мектеп күзеті мен кезекші әкімшінің рұқсатымен гана бола алады.
14. Сыныптан тыс шаралар жоспарланбаса, сабактар аяқталған кезде оқушылар 5- 20 минуттан кейін мектептегі кетулері тиіс.
15. Оқушы сабактан қалса, сынып жетекшігө медициналық анықтама немесе ата-анасының түсініктемесін тапсыруы қажет.
16. Оқушы себепсіз 3 күн сабакта болмаса, онда ол тек мектеп директоры атына ата-анасының жазба түсініктемесі негізінде гана сабакқа келе алады.
17. Егер де мұғаліммен басқа келісімі болмаса оқушы босатқан сабактарды барлығын бір аптаның ішінде өздігінен менгеруіне жауапты.
18. Оқушы сабакты босатса да мұғалімге босатқан сабагының есебін тапсырады және үй жұмысын орындаиды.
19. Оқушыны сабактан босату үшін ата-ананың бірі мектеп директоры атына (3 күннен кем емес) өтініш білдіруі қажет. Осы кезде сабактан қалған уақытты компенсациялау қажет, ол не өздік жұмысын жасап, не болмаса мұғаліммен қалған уақыттан бұрын немесе одан кейін қосымша сабакқа баруы тиіс. Босатқан сабактар үшін оқушы тиісінше бақылау жұмыстарын орындаиды.

**Оқушылардың сабактағы тәртібі**

1. Оқушылар міндетті түрде сабакқа үй тапсырмасын орындал алып келеді.
2. Мұғалім сыныпқа кірген уақытта оқушылар тұрып амандасады.
3. Мұғалім гана орнынан тұрмай жауап беруге рұқсатын бере алады.
4. Оқушы жауап берген кезде катты дауысын шығарып, түсінікті, асықпай, өз ойын дұрыс жеткізуіне тырысуы қажет.
5. Сабак кезінде көшіру және сыйырлар айтуга болмайды, ол оку материалын дұрыс менгеруіне бөгет болады.
6. Жауап беремін деген оқушылар қолын көтерулері міндетті. Басқа қылыштармен өзіне назар аудартуға болмайды.
7. Оқушылар мұғалімнің түсіндіргенін және жолдастарының жауаптарын мұқият тындал, шуламай, сейлемей, басқа нәрселермен айналыспай, бөгет жасамаулары тиіс.
8. Сабак барысын бұзған әрекет дөрекі тәртіп бұзушылыққа жатады. Оған кінәлілер мектеп әкімшілігі тарарапынан тәртіптік жазага ұшырайды.
9. Өз әрекетімен сабакқа бөгет жасайтын оқушыны мұғалім сәйкесінше жұмыс өткізу үшін кезекші әкімшігө жібереді. Мектеп әкімшілігіне міндетті түрде барулады тиіс.

- Оқушылар мұғалім ескерту жасағанда уақытылы және тез әсер етуі қажет.
- Сабактан өз еркімен кетуге тыйым салынған. Сыныптан шығуға тек қана мұғалім рұқсат бере алады, оның өзі сабак басталғаннан кейін 20 минут өткен сон, бірақ қонырауға бес минут қалғанда емес.
- Оқушылар белгіленген кабинеттерде Енбек қорғау ережелерін біліп, сактаулары тиіс.
- Өз денсаулығын сактау мақсатында партадағы өзінің отырысына, бас енкішіне назар аударуы тиіс.
- Ауыздагы сағыз – дерекі әдептің белгісі, сабак кезінде оны қолдануға болмайды.
- Сабак аяқталғаны туралы қонырау мұғалім үшін арналған. Тек мұғалім ғана сабактың аяқталуы жайында хабарлап, сыныптан кетуге рұқсат бере алады. Сыныптан кеткен кезде өзінен кейін оқу орнын ретіне келтіреді.

#### **Оқушылардың қоныраудағы тәртібі**

- Кабинетті желдету үшін оқушылар үзіліс кезінде дәлізге шыгулары тиіс.
- Оқушылар мектептегі тәртіпті сактау бойынша өз міндетін атқаратын кезекші мұғалімдерінің, мектеп бойынша кезекшілерінің және мектеп қызметкерлерінің талаптарына бағынуы тиіс (кезекшілік ережесін карау).
- Жарапатқа және мүлікті бұзуға әкелетін, сонымен катар басқаларға демалуға бөгет жасайтын әрекеттер жасауға болмайды.
- Оқушы үзіліс кезінде өз жұмыс орнын тазалап, сыныптан шығып кетуі тиіс.
- Сынып бойынша кезекші, мұғалімге келесі сабакқа кабинетті дайындайды.
- Оқушыларға үзіліс кезінде баспалдактар мен қабаттарда жүгіруге болмайды; еденде және терезе алды тақтайына отыруға болмайды.

#### **Оқушылардың оқу құжаттары**

- Әрбір оқушы сабак кестесіне сәйкес сабакқа қажетті заттарды алып келуі тиіс.
- Оқулыктарды, мектеп кітапханасына алған көркем әдебиеттерді ұқыпты пайдаланып, одан беттерді жыртуға үзілді-кесілді болмайды.

#### **Оқушыларға қойылған бағалар**

- Мұғалім өткен бағдарлама материалдарымен қарастырылған бөлімдік, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарына бага қояды, нәтижесі бойынша оқушыға, ата-анасына оны жеткізеді
- Берілген пән үшін оқушының білім баға критерийі бағдарламамен анықталады.
- Белгіленген мерзімде орындалмаған бөлімдік, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын қайта тапсыруға болады

#### **Оқушыларға тыйым салынады:**

- Арак-шарапты, темекіні, наркотикалық және токсикалық заттарды қолданып, әкелуге
- Әрт тудыратын кез келген заттарды қолдануға
- Қарым-катаңсты шешу үшін күш қолдануға, бопсалуға, дене күшін қолдануға, бір-бірін итеруге, заттарды лактыруға, шулауға.
- Өз өмірі мен денсаулығына және өзгелерге қауіпті әрекеттерді жасауға
- Басқа оқушыларға және мектеп қызметкерлеріне әдепсіз, дерекі сөздерді айтуга
- Білім беру үйімдарына алып кіруге және қолдануға болмайтын заттардың тізімі.**

#### **Қарулар**

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолак мылтық және т.б.); - атыс қаруының көшірмесі немесе соган ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастыруши бөлігі (оптикалық құрылғылар/ көздеуіштерден басқа); - газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару; - сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі; - шеге қагу мен болттарды ұстаратын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сұнгілер және наизалы құралдар; - жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар; - мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-согатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар; - травматикалық және жарық-дыбыстық патрондарымен ұнғысыз қару; - электрошокты құрылғылар.

#### **Қадалғыш/ кескіш қарулар мен откір заттар**

- балталар, сұнгілер мен наизалардың түрлери, мұз шапқыштар; - жылжымалы немесе лактыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышактар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышактар;
- ас үй пышактары; - ан аулайтын (аншылық) пышактар; - ашық ұстаралар мен откір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиеі бар ұстараларды коса); - қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы; - скальпелдер; - металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұргылар, шапқылар, қызмет көрсету пышактары, аралар, бұрагыштар, балгалар; - бұрандылар; - тері астына дәрі беретін және токитын инелер;
- жүзінің ұзындығы 60 мм асатын қайшылар; - жүзінің ұзындығы 60 мм асатын жиналмалы, бүктемелі жолға арналған пышактар; - бекіністік құрал-саймандар
- Мектепке шемішке әкелуге

- Өзіне, денсаулығы мен өміріне зиян келтіретіндей және мектеп мүлкіне зияна тиіп кететін әрекеттер жасауга.
10. Жиһаздар мен қабыргага жазуға, мектеп жиһазын, кабинет жабдықтарын және басқа да мектеп мүлкін бұлдіруге болмайды.
  11. Мектепке тиесілі кітаптар мен құралдарға жазуға, кітап бетін жыртуға.
  12. Мектеп территориясында және мекемеде қоқыс тастауға болмайды, қоқысты тек қоқыс тастауға арналған жерге тастау қажет.
  13. Сабак қезінде ұялы телефондарды, планшеттер, смартфондар, плеерлер, электрондық ойындар және т.с.с. қолдануға.
  14. Оку сабактары қезінде мектеп дәлізінде болуға
  15. Ойынга арналған жерлерде, баспалдактарда жүгіруге.
  16. Окушылар жүрген жерде, баспалдакта кептеліс жасауга.
  17. Мектептен немесе сабактан сұранбай кетуге.
  18. Мұғалімнің рұқсатынсыз кабинеттерден кілтті алу, сыйныптарда жабылып, өз бетінше терезелерді ашуға.

#### **Окушылардың тәртібіне жалпы талаптар**

1. Мектеп окушылары үлкендерге сыйластықпен карау қажет, педагогтарға «сіз» деп және толық аты мен әкесінің атын атауға міндетті.
2. Окушылар үлкендерге, үлкен окушылар кішілерге, үлдар қыздарға жол берулері тиіс.
3. Окушылар мектептен тыс өзін дұрыс ұстап, мектеп атына кір келтірмеулері қажет.
4. Мектеп окушылары сөйлеу мәдениетіне назар аударып, ана тілі тазалагын сактаулары қажет.
5. Окушылар мектеп мүлкін ұқыпты ұстап, өзінің мүлкімен қоса, өзгөнің де мүлкіне ұқыптылықпен караулары тиіс.
6. Окушылар есіктерді катты жаппай, ойнамай, ұқыпты қараулары жөн.
7. Окушылар Өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сактаулары міндетті.
8. Мектеп бойынша кезекшілерге немесе мектеп қызметкерлері ескертүлеріне дұрыс жауап беру керек, мектеп бойынша кезекші немесе мұғалімнің бірінші талабы бойынша тегі мен оқитын сыныбын айтулары қажет.
9. Үлкендермен сөйлескен кезде дөрекі мінез-құлық танытпай, колын қалтада ұстамай, дұрыс сөйлеуі қажет.
10. Окушылар мектеп мүлкін бұлдірсе жауапкершілікте болады (соның ішінде ата-аналар арқылы материалдық жауапкершілікке тартылады)

#### **Тәртіптік бұзушылықтар**

- Тәртіптік бұзушылықтар деп мектепте окушылар Тәртіп ережелерін бұзу әрекеті есептеледі.
  - Тәртіптің дөрекі бұзушылықтары деп ауыр жағдайға әкеліп соғатын нәтижесі есептеледі, олар:
  - окушылардың, қызметкерлердің немесе мектепке келген адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келген жағдайда; мектеп, окушы, қызметкерлер және мектепке келген адамдардың мүлкіне зиян тигізген жағдайда;
- оку үрдісін бұзған жағдайда, мектеп жұмысының білім мекемесі ретінде шырқын бұзған жағдайда
- Осы ережелермен барлық клас окушылар таныстырылып, кол қойды.
- Мектеп формасы туралы айтар болсақ, биылғы оку жылында елімізде болып жатқан пандемияга байланысты білім министрі А.Аймаганбетовтың жарлығымен окушылардан мектеп формасы талап етілмейді, бірақ окушылар класикалық үлгіде киінуге тиіс. Біздің мектебіміздің окушылары класикалық үлгідегі форманы ұстанады, сондай-ақ екінші аяқ киімді ауыстырып отырады.

ДТІЖО:  С.С.Керимова

**«Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
клуб жұмыстарының және шығармашылық үйірме жұмыстарының откізілу нәтижесі және  
оқушылардың тартылуы бойынша атқарылған жұмыстары туралы ақпарат**

Мектепте жоғары сынып оқушыларынан құралған «Өзін-өзі басқаратын оқышылар үйімь» жұмыс істейді.

Оқушылардың өзін-өзі басқару үйімьның мақсаты:

- қарым-қатынасты ізгіліктендіру;
- Ұжым өмірін жариялышыққа, еркіндікке негіздей отырып, оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау;

Оқушылардың өзін-өзі басқарудың принциптері:

- мектеп өмірінің мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі басқарудағы өз бетімен шешім қабылдау қабілеттілігі;
- оқушылардың өзін-өзі басқару үйімдарының жауапкершілігі;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда өкілеттілігін тағайындау;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруда алуан түрлі әдістерін пайдалану;
- оқушылардың өзін-өзі басқару үйімдарының онашаландырылуы және тапсырыстарды жүзеге асырудың тығызы байланыстырылғы

Өзін-өзі басқарудың құндылығы сонда осы үйім арқылы оқушылар мектеп өміріне, мектептің ішкі саясатына, әкімшілік жұмыстарына, мектепшілік оку тәрбие үрдістеріне әсер ете отырып шешім қабылдауға ықпал етеді. Келер күнге сеніммен қарататын осындай игі де ізгілікті іс біздің ұжымымызда оң нәтижесін беруде.

Мектепте 8 фракциядан тұратын «Өзін-өзі басқару» үйімьның жұмысына тоқталып өтеді болсақ.

«Құқық және тәртіп фракциясы» жетекшісі – Қаныбекқызы Жанерке 10 сынып оқушысы. Құқық және тәртіп фракциясы мектептегі оқушылардың құқығын бұзылмауын, дәліз бойында оқушылардың жүріс-тұрысын қадағалап, оқушыларға арналған жадынамалар таратып түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырады.

«Ақпарат фракциясы» - жетекшісі Асхатқызы Нұржайна 10 сынып оқушысы. Мектептегі отілген шараларды әлеуметтік желілерге жариялады, сонымен бірге оқушылардың бос уақыттарында кітапханамен байланыс жасап, оқушыларды кітап оқуға қызықтыру, кітап рухани казына екендігін үғындыру мақсатында шаралар өткізді.

«Спорт және салауатты өмір салты» - Жұмашев Нұрсұлтан 10 сынып оқушысы. Қыркүйек айында «Денсаулық фестивалі -2024» салауатты өмір салтын қалыптастыру және спортты насиҳаттау мақсатында оқушылармен іс-шара өткізді. Сонымен бірге қонырау уақытында оқушыларды спорттық әр-түрлі шараларға тартуда жұмыс атқарып келеді.

«Өзін-өзі тану және бақыт » фракция жетекшісі – Темірхан Гүлім 9 сынып оқушысы.

Оқушылардың бойындағы адамгершілік, сүйіспеншілік, рухани тазалық қасиеттерін дамыту мақсатында әртүрлі тренингтер өткізді.

«Қамқорлық (еріктілік) » фракциясы жетекшісі- Қаниева Айсана 10 сынып оқушысы. Оқушылар арасында «Қоғамға қызмет» жобасын орындау бойынша жұмыстар атқарып келеді. Ауылымыздың табигатын күтіп балтау, экологиялық мәселелеріне көніл аудару мақсатында жұмыстанып келеді.

«Мәдениет және өнер музыкалық, көркемшығармашылық» фракция жетекшісі Пулатов Асылбек 9 сынып оқушысы. Мектептегі мәдени шаралардың өтуіне өз үлесін қосып келеді. Сонымен бірге мерекелік шаралар кезінде безендіру, сахраны дайындау жұмыстарын өз тобындағы мүшелермен бірге атқарып жүр. Откізілген іс-шаралар: Отбасы күніне орай «Отбасы

-бақыт мекені» отбасылық сайыс, Ұстаздар күніне орай «Қалдырган ізің мәңгілік» мерекелік ішараасы, «Аяулы күз, Алтын күз» сайысы, «Бала дауысы-2021» патриоттық әндер байқауы, Тәуелсіздік күніне орай «Кеменгерліктің 30 жылы» концерттік бағдарламасы т.б

«Дебат» фракциясы жетекшісі- Ережепова Айнұр 10 сынып оқушысы. Мектептегі «Мын бір ақиқат» дебат клубы жұмыс жасайды. Клуб оқушылары аудандық бірнеше дебат турнирлеріне қатысып, жүлделі орындар иеленіп, белсенділік көрсетуде.


«Экология және еңбек » фракция жетекшісі- Табылған Жаннұр 10 сынып оқушысы. Мектептегі өсімдіктер бағына оқушылармен бірге барып, оқушыларды өсімдіктерді күтіп баптау, суару жұмыстарына көңіл болуге дағдыландыру бағытында жұмыстар жасап келеді. Мектеп ауласына сенбілік жұмыстар жасап «Таза мектеп» бағытында жұмыстарды жандандаруға септігін тигізіп келеді.

Өзін-өзі басқару үйымы жыл бойына құрылған жоспар бойынша өз жұмыстарын белсенді атқарып келеді. Әрбір фракция жетекшілері өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарап, өздеріне жүктелген міндеттерді белсенділікпен атқаруда. Алдағы уақытта да өз жұмыстарын жауапкершілікпен атқаратын болады.

«1001 AQIQAT» дебат клубына 2024 жылдың қыркүйек айында Бисеналина Айгерім Талғатқызы жетекші болып тағайындалды. Клуб мүшелерімен танысып, клубқа оқушыларды тарту жұмысымен айналысты. Ай сайын клуб мүшелерімен бірге отырыс өткізіліп, елдегі, жаһандағы өзекті мәселелер талқыланып, дебат ережелері түсіндіріліп, көрсетілім ойындарды өткізілді. Қараша айында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» тақырыбында мектепішілік дебат турнирі үйымдастырылды. Әр аудандық дебат турнирінің мектепішілік кезеңі өткізілді. «1001 AQIQAT» дебат клубының мүшелері Ережепова Айнұр мен Саматова Айкөркем «Медианы таны!» аймактық ашық дебат турниріне қатысты. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекелеріне орай өткізілген «Тәуелсіздік – мәңгілік ел тұғыры» аудандық пікірсайыс турнирінде Ережепова Айнұр мен Аралбаева Перизат «Сенімді фракция» номинациясын иеленді, клуб жетекшісі «Үздік төреші» номинациясымен марапатталды.

«Шабыт» балалар театрының оқушыларымен танысу туралы айтар болсак, қыркүйек айында «Сарыжар ЖОББМ» КММ-де оқушыларды балалар театрына қабылдау жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға театр жоспары таныстырылып, театрға қабылданған оқушылар тізімі құрылды. «Шабыт» балалар театрының оқушыларына тыныс алуды дамытуға, сөйлеу аппаратының еркіндігіне, дұрыс артикуляцияға бағытталған жаттығу жұмыстары жүргізілді. Ақпан айында «Сарыжар ЖОББМ» КММ «Шабыт» балалар театрының оқушылары жоспар бойынша «Алдаркөсе» халық ертегісін сахналады. Оқушылар үш топқа бөлініп Алдаркөсе рөліп сомдап сайыска түсті. Керекті құрал жабдықтарын дайындал әдемі қойылым көрсете білді. Әк команда қойылым қойғаннан кейін қалған екі команда бағалап, кеткен қателіктерін айттып отырды. Сайыс соңында әр команда өздерін бағалап, жүлделі орындарды иеленді.

Жалпы мектебіміздегі дебат, театр, өзін өзі басқару клубтарының жұмыстары бір жүйеге қойылған. Жұмыстары уақытылы жоспарға сай атқарылып отыр, әлеуметтік желіге жарияланып отыр.

ДТІЖО:  С.С.Керимова